

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2007 жылдың қаңтар-наурыз айларында мұнай өндіру көлемін арттырды

2007 жылдың 27-сәуірі. «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») үстіміздегі жылдың үш айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, мұнай өндіру көлемін арттырғанын хабарлайды.

2007 жылдың қаңтар-наурыз айларында Компанияның кен орындарында 2 293 мың тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда 12 мың тоннаға артық.

2007 жылдың бірінші тоқсанында магистралды мұнай құбырлары жүйесі бойынша 2 263 мың тонна сатып алушыларға жеткізілді, оның ішінде 1 808 мың тонна мұнай экспортқа шығарылды, бұл өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда 7 пайызға артық.

АНЫҚТАМА:

Орталық ғимараты Астанада орналасқан «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жылдық мұнай өндіру көлемі бойынша Қазақстан Республикасындағы үшінші мұнай өндіруші компания болып табылады. 2005 жылдың соңындағы жағдай бойынша дәлелденген және ықтимал мұнай қоры 203 млн. тоннаны (1,5 млрд. баррель), ал 2006 жылдағы өндіру көлемі 9,5 млн. тонна мұнайды (тәулігіне 192 мың баррель) құрайды. Компания Қазақстанның батысындағы Атырау және Маңғыстау өңірлерінде орналасқан 44 мұнай және газ кен орындарында жұмыс істейді. Компания сондай-ақ, осы аудандарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді.

Компанияның акциялары Қазақстан қор биржасында, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары Лондон қор биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегінде IPO кезінде Компания 2 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржы тапты.

Қосымша ақпараттар алу үшін мына адамдарға хабарласуды сұраймыз:

«ҚМГ» БӨ»,) Қоғаммен байланыс (+7 3172 977 908, +7 3172 977 924)

Ләззат Көккөзова
E-mail: pr@kmger.kz

«ҚМГ» БӨ», Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет (+7 3172 975433)

Александр Гладышев
E-mail: ir@kmger.kz

WMC Communications Ltd (+44 207 930 9030)
Elena Dobson
e-mail: Elena.dobson@wmccommunications.com